

Офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 24 қаңтардағы N 76

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде толық жасақталмаған бастапқы офицерлік лауазымдардың болуына байланысты, "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17 бабы негізінде және "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери тәртіпті нығайту және құқық бұзушылықпен күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 23 қарашадағы N 1964 К941964_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Әскери қызметтен өтпеген запастағы офицерлер 1995 жылы

әскери есептегі немесе азаматтық, сабақтас тиісті әскери мамандықтары бойынша қоса беріліп отырған Тізбеге сәйкес 2 жыл мерзімге әскери қызметке шақырылсын.

2. Запастағы офицерлерді 1995 жылы әскери қызметке шақыруға арналған әскери есептегі мамандықтардың Тізбесі және осы мамандықтар бойынша шақырылатын азаматтардың саны /қоса беріліп отыр/ бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 24 қаңтардағы
N 76 қаулысымен
Бекітілген

Запастағы офицерлерді 1995 жылы әскери
қызметке шақыруға арналған әскери есептегі
мамандықтардың Тізбесі және осы мамандықтар
бойынша шақырылатын азаматтардың

САНЫ

Мотоатқыштар әскерлерінің офицерлері	120
Танк әскерлерінің офицерлері	70
Ракета әскерлері мен артиллерия офицерлері	120
Әуе қорғанысы әскерлерінің офицерлері	170
Әскери-Әуе Күштерінің офицерлері	350
Инженерлік әскерлер офицерлері	20
Химиялық әскерлер офицерлері	20
Байланыс офицерлері, соның ішінде:	135
Үкімет байланысы әскерлерінің офицерлері	35
Жол әскерлерінің офицерлері	10
Құрылыс әскерлерінің офицерлері	20
Автомобиль әскерлерінің офицерлері	30
Бронетанк қызметінің офицерлері	50
Ракета-артиллерия қару-жарағы қызметінің офицерлері	50
Медицина қызметінің офицерлері	100
Мүлік-зат қызметінің офицерлері	30
Азық-түлік қызметінің офицерлері	30
Жанар-жағар май материалдары қызметінің офицерлері	30
Қаржы қызметінің офицерлері	30
Тәрбие және әлеуметтік-құқық жұмысы жөніндегі офицерлер, соның ішінде:	380
Шекара әскерлері үшін	60
Ішкі әскерлер үшін	130
Республикалық Ұлан үшін	10
Азаматтық қорғаныс бөлімдері үшін	25
Үкімет байланысы әскерлері үшін	5

Барлығы 1765

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК